




UNIVERSITY



№11 (246) ЖЕЛТОҚСАН декабрь 2024

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

РЕЙТИНГ

ӘЛЕМНІҢ ТҰРАҚТЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ
UI GREENMETRIC 2024 РЕЙТИНГІНДЕ
ҮЗДІК 500-ГЕ ЕНДІ



2024 жылғы 12 желтоқсанда UI GreenMetric жаһандық тұрақтылық рейтингінің 15-шығарылымы жарияланды, оның қорытындысы бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ өткен жылғы нәтижесін 400 позицияға жақсартып, әлемнің ең үздік 500 университетінің қатарына сенімді түрде еніп, 422 орынға ие болды.

Рейтингте 95 елден 1477 оқу орны ұсынылған, қатысушылардың саны мен кең ауқымды географиялық қамту бұл рейтингтің жоғары оқу орындарының тұрақты даму көрсеткіштерін бағалаудағы маңызды рөлін айқындайды.

Бұл рейтингке қатыса отырып, Абай атындағы ҚазҰПУ орнықты даму мақсаттарына деген адалдығын, университет экожүйесінің барлық салаларын жетілдіруге және өз елінің тұрақты болашағын қалыптастыруда маңызды рөл атқаруға деген ұмтылысын тағы да көрсетті.

Университеттің жаһандық рейтингтердегі серпілісі мен ел деңгейіндегі құрметті «қола» инфрақұрылым, жаһандық климаттың өзгеруі, таза энергия, суды үнемдеу, қалдықтарды басқару, экологиялық таза көлік сияқты бағыттардағы күш-жігерінің және тұрақтылық саласындағы білім мен зерттеулердің мойындалуының айқын дәлелі болып табылады.

«Тәуелсіздік күні қарсаңында университет ұжымын халықаралық деңгейдегі жаңа жетістігімен құттықтауға қуаныштымын. Тұрақты даму жолында тәжірибеге негізделген жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру арқылы университеттің экожүйесі теңдестіріліп қалыптасады», - деп Басқарма төрағасы-Ректор Б.Тілеп атап өтті. Қазіргі кезде тұрақты дамуға қосқан үлес - ертеңгі еркіндік пен гүлденудің негізі.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Білім мен ғылым - Тәуелсіздік негізі» атты мерекелік шара өтті.

"Еліміз сан ғасырлар бойы армандап, аңсап жеткен тәуелсіздік әрбір халықтың санасында ең қастерлі ұғым. Еркіндік пен бостандыққа қол жеткізген Тәуелсіздік күні - ата-бабамыздың асыл мұрасы, бізге аманат еткен баға жетпес байлығы" - деп алғы сөзді бастаған ABAI UNIVERSITY-нің Басқарма Төрағасы - Ректор Болат Тілеп 2023-2024 жылдардағы атқарылған есептік баяндамасын университет ұжымына жеткізді. Атқарылған істермен қатар алдағы мақсат жоспарларда кеңінен таныстырылды. Болат Анапияұлы профессор-оқытушылар мен студенттерді еліміздің рухын асқақтатқан, ынтымақ-бірлігімізді арттырған айшықты мерекемен арнайы құттықтады. Ректор білім беру саласында кәсіби біліктілік

танытқан оқытушыларды, университеттің дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарды, мерекелік награда және алғыс хаттармен марапаттады. «Тәуелсіздік - таусылмайтын жыр". Бұл күні марапат иелерін университеттің өнерпаз әрі шығармашылыққа жаны құмары жастары әуелете әуезді ән салып, мың бұрала би билеп құрмет қошеметке бөледі.

Абай университетінің ұстаздары мен қызметкерлері студенттік «АЙСЕЛ» би ансамблінің өнеріне тәнті болды. Сондай-ақ университет басшылығының қолдауымен, өнерлі жастардың бастамасымен, - «Жеті саз» студент-тік ансамблі құрылып, сахна төрінде алғашқы репертуары шырқалып, тұсауы кесілді.

Баспасөз қызметі

МЕРЕЙТОЙ

ABAI UNIVERSITY: Сорбонна-Қазақстан институтына 10 жыл

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Сорбонна-Қазақстан институтына 10 жыл. Осыған орай Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиоге Abai University-не арнайы келді. Мәртебелі мейманды сән-салтанатымен қарсы алған Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры Болат Тілеп әуелі құрметті қонаққа университеттің тарихынан сыр шертетін сондай-ақ қазақ халқының салт-дәстүрі мен қолөнер туындылары қойылған мұражаймен таныстырды.



Айта кетейік, Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институтын құру туралы алғашқы меморандумға 2013 жылы Сорбонна Париж-Сити (Sorbonne Paris Cité) университеті мен Абай атындағы ҚазҰПУ арасында қол қойылды. Ал институттың салтанатты ашылуы 2014 жылдың 6-желтоқсанында екі елдің Мемлекет басшыларының қатысуымен өткен болатын. Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институты ашылғаннан бері әлемдік франкофония желісіне қосылып, AUF-тің (Франкофондық университеттер агенттігі) толыққанды мүшесі болды. Сорбонна-Қазақстан институты құрылған кезде 2014 жылы екі білім беру бағдарламасы ашылды, ал студенттердің жалпы контингенті 40 адамды құрады.

2018 жылдан бастап Абай атындағы ҚазҰПУ басшылығы институттың барлық білім беру бағдарламаларында француз тілін үйренуге назар аударуды күшейту туралы шешім қабылдады. 2018 жылдан бастап институт 1200-ден астам студент шығарды. 170-тен астам студент Францияның серіктес университеттерінің дипломдарымен Француз диссертацияларын сәтті қорғады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры Болат Тілеп Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиоге мен бірге Сорбонна-Қазақстан институтының 10 жылда атқарған жұмысымен танысты. Абай университетінің студенттерімен оқытушыларымен жүздесті. Құрметті қонақ «Дипломат жолы» тақырыбындағы дәрісін өткізді. Елші өзінің дипломатиялық жұмыстарымен жүріп өткен жолын, әлемнің көптеген елдерінде елшілік қызмет атқарғандығын, француз тілінен өзге көп тілді меңгергендігін әңгімеледі. Студент жастар да Сильван Гиоге мырзаға түрлі сауалдар қойып, тұщымды жауап алды. Арнайы дәрістен соң, Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиоге Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Құрметті профессор» атағы берілді. Мейманға арнайы сый-сияпат табыс етілді. Іс-шара соңында қонақтар студенттермен естелік фотоға түсіп, Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институтының 10 жылдығына құттықтауын жеткізіп, ары қарай да жұмысына табыс тіледі.

Өз тілшімізден

КЕЗДЕСУ

ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Тәуелсіздік күніне орай, «Хәкім Абай» Ұлттық тәрбие орталығының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік пен ұлттық құндылықтар» тақырыбында рухани-танымдық кездесу кеші өтті.



Ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Әлмұхамбетов болды.

Ұлттық сана-сезімді ояту, жастар арасында патриотизмді нығайту, тәуелсіздіктің тарихи мәнін ашу және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған шараға университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақау, әлеуметтік және жастар саясаты жөніндегі департамент директоры Рақымберді Жетібай, Педагогика және психология факультетінің ұстаздары мен 100-ге жуық университеттің белсенді студенттері қатысты.

Кездесу барысында профессор Берікжан Әлмұхамбетов өз тәжірибесі мен білім беру саласындағы жетістіктері тұрасында сыр шертіп, заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттіліктер туралы айтып, студенттерге ғылым мен білім саласында жаңа белестерді бағындыруға арналған ақыл-кеңестерімен бөлісті. Жастардың рухани тәрбиесі мен адамгершілік қағидаларын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды сақтау мен дәріптеудің қажеттілігін атап өтті.

Кеш соңында қатысушылар сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісіп, білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік алды.

«Хәкім Абай» Ұлттық тәрбие орталығы

Кездесудің құрметті қонағы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қазақстан Жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясы «Қазақстан Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері», ҚПҒА Құрметті академигі, «Құрмет» орденінің иегері, педагогика

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

"Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы барды. Министр Абай университетінде білім алушы жастарымен, оқытушы-профессор құрамымен кездесу өткізді, деп хабарлайды BAQ.KZ.



Жиынға Abai university-нің Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп модератор ретінде жүргізіп отырды. Ведомства басшысы жиында 2023-2029 жылдарға арналған министрліктің стратегиялық даму жоспарын жеткізді. Атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Жоғары білімге қатысты біз 8 үлкен бағытпен бастадық жұмысымызды. Негізгі күш ол демография. Биыл былтырғымен салыстырғанда мектеп бітірушілер жоғары оқу орнына ҰБТ-ны 30 мыңға көбірек тапсырады. Қазірдің өзінде қаңтарда тапсыру үшін 200 мыңға жуық студент тіркелді. Соған дайындалып жатырмыз қазір. Сондықтан да 8 бағыттың кемінде төртеуі демографиялық толқынға дайындық ретінде берілген. Соның ішінде қолжетімділік, инфрақұрылым, цифрландыру, кеңістігімізді ашу әрі шетелдік университеттерді және шетелдік инвесторларды шақыру, - деп атап өтті Саясат Нұрбек өз сөзінде.

Министр кездесуде 8 бағыттың ішіндегі қолжетімділікке үлкен мән беріліп отырғандығын баса айтты. Әсіресе грант санын көбейту жайына көбірек көңіл бөлініп отырғандығын жеткізді. Мысалы, былтыр 94 мыңға жуық грант бөлінген. Оның 78 бакалавриатқа бөлінген. Ал келесі жаңа оқу жылында 104 мыңға жуық грант бөлінетін болады. Жылдан-жылға мемлекеттік тапсырыс көлемі артып келеді.

Дегенмен бұл мәселені шешпейді. Қосымша 4 тетік құралды іске қосып жатырмыз грантпен бірге. "Келешек" атты бірыңғай ерікті жинақтаушы жүйені келесі жылдан бастаймыз. Аталған жүйе шеңберінде балаға арнайы шот ашуға болады, оған мемлекет 60 АЕК мөлшерінде (5 жастағы балаларға) білім алуға бастапқы капитал салады. Бұдан әрі оған ата-аналардың ерікті жарналары, 5-7% мөлшерінде жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс есебінен қаражат жинақталады. "Келешек" ерікті жинақтау жүйесін енгізу мәселесі қазақстандық отбасылардың барлығына қатысты, - деді министр.

Басқосуда Саясат Нұрбек Ғылым және жоғары білім министрлігі қазір қаржы сыйымдылығын арттыруға баса мән беріп отырғандығын баяндады. Сондай-ақ ғылым саласына бөлінетін қаржыны ұлғайту, беделді шетелдік университеттердің филиалдарын ашу, отандық университеттерге жасанды интелект бағдарламасын енгізу жайы да айтылды.

Тағы бір бағыт еліміздегі университеттерде қытай тілінде оқыту жайы басты назарда екендігін министр тағы бір атап өтті. Қазіргі таңда Қытай университеттерімен 241 келісім жасалып, білім беру және ғылыми зерттеулер саласында көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Мақсат - Қытай және Қазақстан арасында студенттермен алмасу бағдарламаларын кеңейту, қосымша ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлерді алмастыруды ұйымдастыру, жаңа бірлескен оқу бағдарламаларын әзірлеу және оларды іске қосу. Естеріңізге сала кетейік, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Филология факультетінде "Қытай тілі және қытайтану" кафедрасы ашылған болатын.

"Қытай тілі және қытайтану" кафедрасын ашудың мақсаты - тілдік және мәдени құзыреттіліктерді жетілдіру арқылы екі ел арасындағы байланысты нығайту, қосдипломдық білім беру негізінде оқыту, академиялық ұтқырлық мәселесін жолға қою, қытай университеттерімен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық орнату.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

ABAI UNIVERSITY: ЛОТАРИНГИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырмасына сәйкес жүзеге асып отыр. Бұл жобаға ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің қолдауына орасан зор, деп хабарлайды aqshamnews.kz.

Лотарингия университеті Францияның 13 қаласында 49 оқу ғимараттары бар жетекші француз университеттерінің бірі. Әрі (Université de Lorraine) - француз мемлекеттік зерттеу университеті болып табылады. Лотарингия университетімен Абай университеті арасында ынтымақтастық бұрыннан жолға қойылған. Яғни Абай атындағы ҚазҰПУ мен бірге 2018 жылдан бастап "Халықаралық құқық" қос дипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді.

Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырмасына сәйкес жүзеге асып отыр. Бұл жобаға ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің қолдауына орасан зор, деп хабарлайды aqshamnews.kz.

Айтулы күнде 1 курс студенттеріне ректордың білім гранттары табыс етілді. Сондай-ақ Лотарингия университетінің дипломдары "Халықаралық құқық" қос дипломды бағдарламасының түлектеріне арнайы берілді. Ал Сорбонна-Қазақстан институтының 5 үздік студентіне "Freedom Шапағат" корпоративтік қорынан ай сайынғы 50 мың теңге мөлшеріндегі стипендия сертификаты ұсынылды.



Лотарингия университетінің салтанатты шарасына арнайы келген Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова мен Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиоге арнайы мемориалдық тақтаны ашты. Бұдан соң, қонақтар француз тіліндегі алғашқы Орталық-Азия кітапханасының ашылу салтанатына куә болды. Абай университетінің профессор-оқытушылары және студенттері мен кездескен мәртебелі меймандар Лотарингия университеті филиалының ашылуы білім және ғылым саласына жаңа леп алып келетіндігін жеткізді. Жиынға Лотарингия университетінің Құқық, экономика және басқару институтының директоры Пьер Тифин, ҚР Президент жанындағы Адам

Арнайы өткен жиыннан соң, Абай университеті ҚР Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиясымен, Лотарингия университетінің Құқық, экономика және басқару институты және Қазақстан-Франция Сауда-Өнеркәсіп палатасы арасында бірнеше ортақ келісім жасалып тараптар өзара меморандумға қол қойды. Алдағы уақытта білім, ғылым және адам құқықтары саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту, құқық саласындағы француз-қазақстандық қос диплом бағдарламасын іске асыру, кәсіптік даярлау, жұмысқа орналас-тыру және француз тілін үйрену саласында өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту бойынша ортақ жобалар ары қарайда жанданатын болады.

Толқын ЖӘБЕЛОВА

12 ТОМДЫҚ «АЛАШОРДА ІСІ. 1920-1940 ЖЖ. ҚҰЖАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР» ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ



2020 жылдың 24 қарашасында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі» құрылған республикалық мемлекеттік комиссия жұмысы аясында университетіміздің зерттеуші-профессоры, ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қойгелдиевтің ғылыми жетекшілігімен даярланған 12 томдық «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар» жинағы жарық көрді. Көптомдыққа ғасырға жуық мерзім ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі Істер министрлігінің, Бас прокуратурасының архив қорларында жабық түрде сақталып келген «Алашорда-Қазақ» мемлекеттігі үшін күрес жолында мерт болған қайраткер тұлғалар мен олардың отбасы мүшелері үстінен жүргізілген тергеу материалдары мүмкін болғанша толық күйде берілген.

Көптомдық Мемлекеттік Кеңесші Ерлан Кариннің атап көрсеткеніндей, Алаш-Қазақ ұлт-азаттық қозғалысына қатысты аса құнды құжаттық куәлік материалдардың осындай көлем және мазмұнда соңғы 30 жылдықта алғаш жарық көруі болып табылады. Кітапты даярлау ісіне университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы, «Айтылған тарих» ғылыми зертхананың зерттеушілері З. Мырзатаева мен Р. Мирзақұлова атсалысты.

Бұл маңызды ғылыми тақырыпқа арналған көп томдық деректі материалдар жинағы университет профессор-оқытушылар құрамының отандық тарихнаманың дамуына қосқан қомақты үлесі.

Ақерке ЫСҚАҚ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ БОЙЫНША БАСЫМ БАҒЫТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ

Қазақстан - тарихы мен мәдениеті бай мемлекет. Сондықтан мәдени мұраны қорғау - басты міндеттердің бірі, - деп хабарлайды Aikyn.kz.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, ЮНЕСКО конвенцияларына қатысу арқылы еліміз өз мәдени нысандарын ЮНЕСКО тізімдеріне енгізіп, әлемдік қауымдастыққа танытып жатыр. Дегенмен бұл жетістік тек мақтаныш емес, сондай-ақ осы мұраларды қорғау мен сақтау бойынша нақты міндеттемелерді орындауды талап етеді.

Осы мақсатта 2024 жылғы тамыз айында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен жұмыс тобы құрылды. Бұл топтың міндеті - орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясы мүшелерінің, ғалымдардың, археологтердің, этнографтердің және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің күш-жігерін үйлестіру.

Бұл стратегиялық бастама әлемдік мұра тізіміне енген маңызды тарихи және сәулет ескерткіштерін сақтауға ғана емес, сондай-ақ дәстүрлер, салт-жоралар, тіл, музыка, қолөнер сияқты материалдық емес мәдени мұра элементтерін және құжаттық мұраларды қорғауға бағытталған. Бұл элементтер мәдени даралықты қалыптастыруда, ұлттық бірегейлікті нығайтуда және құндылықтарды болашақ ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Аида Балаева барлық мүдделі құрылымдардың жүйелі әрі үйлесімді жұмыс істеуі қажеттігін ерекше атап өтті. Министр сияқты материалдық емес мәдени мұра конвенцияның талаптарын тиімді жүзеге асыру үшін күш-жігерді біріктірудің маңыздылығына назар аударды.

Бүгінге дейін жұмыс тобының екі отырысы өтті. Онда қатысушылар мәдени мұраны қорғау және сақтау бойынша негізгі бағыттарды анықтады.

2024 жылғы 30 қарашада Алматы қаласында өткен



ЮНЕСКО-ның қорғауындағы
Қазақстанның тарихи және мәдени
мұрасын қорғау бойынша іс-шаралар
кешенін әзірлеу жөніндегі
жұмыс тобының екінші

ОТЫРЫСЫ



отырыста үш кіші топтың жұмыс жоспарлары таныстырылды. Әр топ мәдени мұраны қорғау және насихаттау саласындағы нақты аспектілерге бағытталған.

Ұсынылған жұмыс жоспарлары арасында материалдық және материалдық емес мәдени мұраны қорғау және насихаттау, ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» бағдарламасы аясында құжаттық мұраны сақтау секілді негізгі бағыттар айқындалды.

Бұл жоспарларда мамандардың біліктілігін арттыру бойынша шаралар қамтылған. Оның ішінде материалдық емес мәдени мұраны анықтау және дамыту әдістерін оқытуға арналған оқу модульдерін әзірлеу мен іске асыру қарастырылған. Министр оқу мазмұнының пайдалы әрі тәжірибеге бағытталған болуы тиіс екенін атап өтті.

Сондай-ақ жұмыс тобы материалдық және материалдық емес мұра нысандарын түгендеу, қолда бар деректерді цифрландыру, мәдени мұраны халықаралық және жергілікті деңгейде насихаттау іс-шараларына белсенді тарту, сондай-ақ халықтың мәдени мұраның маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру үшін тұрақты іс-шаралар мен ақпараттық науқандар ұйымдастыру жоспарланған.

ЮНЕСКО қорғауындағы нысандарды тиімді басқару және қорғау әдістерін әзірлеуге айрықша мән берілді. Жергілікті билік органдары мен қоғамдық ұйымдарды мәдени мұраны қорғау және насихаттау іс-шараларына белсенді тарту, сондай-ақ халықтың мәдени мұраның маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру үшін тұрақты іс-шаралар мен ақпараттық науқандар ұйымдастыру жоспарланған.

Жалпы, жұмыс топтарының жетекшілері ұсынған жоспарлар материалдық, материалдық емес және құжаттық мұраны сақтап, насихаттауға бағытталған ауқымды шараларды қамтиды. Мәдениет және ақпарат министрлігі бұл бастамаларды қолға алатын болады. Аталған шаралар Қазақстанның мәдени мұрасын қорғау мен дамыту ісін жаңа деңгейге көтеруі тиіс.

Б. ЗАҒАРҰЛЫ

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы - шетелде білім алып, халықаралық деңгейде тәжірибе жинаймын деген жанға тамаша мүмкіндік. Бағдарламаны жүзеге асыру қағидасы өз бағытын одан әрі дамытқан сайын, отандық білім беру жүйесінің сапалы жетілуі кең ауқым ала бермек. Осы орайда аталған бағдарлама бойынша Оңтүстік Кореяның Намсеул университетінде білімін жетілдіріп жатқан, Абай атындағы ҚазҰПУ студенті Әсел Беспаймен әңгімелесіп, шетелде оқимын деген басқа да қазақ жастарының көкейіндегі сұрақтарды қойып көрдік.

«ШЕТЕЛДЕГІ ТӘЖІРИБЕ МЕНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫМА ҒАНА ЕМЕС, ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ӨСУІМЕ ДЕ ПАЙДАЛЫ БОЛДЫ»

- Әсел, дәл қазір қай мемлекетте, қай оқу орнында білім алудасыз? Оқу үлгеріміңіз қалай? Шетелге қашан кеттіңіз, қанша уақыт боласыз?

- Қазіргі уақытта Оңтүстік Кореядағы Намсеул университетінде 3-курсқа оқып жатырмын. Мұнда 2024



СҰХБАТ

көбіне теория ма, практика ма? Дәл қазір не үйреніп жатырсыз?

- Алғашқыда мені таңғалдырған нәрсе - курстар мен семестр құрылымы. Қазақстанда бір семестрде екі рубежка және бір сессия болса, мұнда бір рубежка және бір сессия жүйесі қолданылады. Кореяда оқу жүйесі қарқынды: оқу бағдарламалары күрделі құрылымға ие және жоғары деңгейде жүргізіледі. Корей студенттері үнемі білімдерін өз беттерінше тексеріп, толықтырып отырады, аралық емтихандар жиі өткізіледі. Сонымен қатар, курстарда топтық жұмыстар мен жобаларға көп мән беріледі, бұл оқуды қызықты етіп, әрі жауапкершілікті талап етеді. Кореяда оқу үрдісі студенттердің сабаққа белсенді қатысуына негізделген. Мұнда да Қазақстандағы сияқты оқытушылар әр студентке түрлі сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдіруді күтеді. Әртүрлі тақырыптар мұғаліммен бірге талданады. Мен лекцияларда тыныш отырғанды жақсы көретімін,

Алайда, ата-анам ұзақ мерзімге шетелге кетуге рұқсат бермегендіктен, бұл ұсыныстан бас тартуға тура келді. Кейін мен Қазақстанда грантқа түсіп, шетелде оқу деген арманым орындалмай қалады деп ойладым. Бірақ, академиялық ұтқырлық бәрін өзгертті. Осы бағдарламаның арқасында мен өз арманымды жүзеге асырып, Оңтүстік Кореяда бір семестр оқи алдым. Бұл тамаша нұсқа болды - өйткені бағдарлама ұзаққа созылмайды және менің қауіпсіздігім қамтамасыз етіледі. Бұл шешімді ата-анам ойланбастан қолдады. Сондықтан мен барлық студенттерге өз күштеріңізді сынап, осындай бағдарламаларға қатысудан қорықпауға кеңес беремін. Олар сапалы білім алуға ғана емес, тәуелсіздікке үйренуге, ой-өрісті кеңейтуге және жан-жақты дамуға көмектеседі.

- Қай тілде ойлайсыз? Тіл үйреніп жүрген жастарға кішігірім кеңес айтсаңыз?

- Шынымды айтсам, мен ағылшын тілінде ойланамын. Тілді үйрену барысында кішкентайымнан ағыл-

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – ЕҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМ

жылдың тамыз айында келдім. Бұл оқу орнында бір семестр білім алып, тәжірибе жинақтап, елге қайтамын. Ботен ел, өзге мәдениет. Ағылшын тілім жоғары деңгейде болғанымен, бастапқы кезде корей тіліне бейімделуім қиынға соқты. Себебі, Кореяда оқитын барлық студенттер корей және ағылшын тілдерін еркін меңгерген. Олардың көбісі C1 деңгейіне дейін жетеді. Сондықтан тілді тек бастапқы деңгейінде білетін менің оқуымда кедергілер мен қиындықтар болды. Дегенмен, оқытушылардың сабақты түсінікті әрі кәсіби түрде түсіндіруі мен корей достарымның қолдауының арқасында мен корей тілін айтарлықтай жақсарттым. Ал, дәрістер көбінесе ағылшындар және филиппиндіктермен жүреді. Бұл менің көзқарасым мен мәдениет-аралық дағдыларымды дамытуға көмектесуде.

Бірінші айда жаңа оқу жүйесі мен мәдениетке бейімделу қиын болды, бірақ уақыт өте келе мен жергілікті дәстүрлер мен оқу әдістерін жақсы түсіне бастадым. Жаңа идеялар мен тәсілдерге ашық болуды үйрендім. Шетелдегі тәжірибе менің кәсіби дамуыма ғана емес, жеке тұлғалық өсуіме де пайдалы болды.

Абай атындағы ҚазҰПУ-да мен аударма мамандығы бойынша мемлекеттік грантқа оқып жатырмын. Белсенді оқу мен ғылыми жұмыстарымның, сондай-ақ халықаралық және республикалық деңгейдегі марапаттарымның арқасында мен шетелдегі беделді университетте оқуға мүмкіндік алдым. Барлық оқу шығындарын жабатын бұл бағдарламаға қатысу үшін мен IELTS және SAT емтихандарын сәтті тапсырып, академиялық көрсеткіштерімді, яғни GPA-ді жоғары көрсеткен болатынымын. Осы мүмкіндікті берген өз университетіме және еліме алғысым шексіз.

- Шетелге оқуға кетем деп қашан шешім қабылдадыңыз?

- ЖОО-на колледжден кейін түскендіктен, мен бірден екінші курсқа қабылдандым. Ал, академиялық ұтқырлық мүмкіндігі туралы түрік тілінен сабақ беретін

оқытушым Динара Ашимова айтты. Міне, сол кезден бастап бірден оқуға кетем деген шешім қабылдадым. Оқытушым Еуропада оқу мүмкіндіктері туралы толық мәлімет беріп, бағдарламаға қатысуға өтініш беру процесі туралы айтты. Кейінірек ғылыми жетекшім Нұржамал Шенгелбаева маған қажетті құжаттарды жинауға көмек көрсетті. Қай мемлекетке оқуға баратыным туралы да бірге шешім қабылдадық. Азия елдері туралы пайдалы ақпаратты ізденіп, мені барлық кезеңдерде қолдап отырған жетекшіме деген алғысым шексіз. Нәтижесінде біз Оңтүстік Кореяны таңдадық. Бұл ең қауіпсіз елдердің бірі болып саналады және менің корей тілі мен мәдениетіме деген терең қызығушылығым болды.

«ОҢТҮСТІК КОРЕЯДА ОҚУ ҮРДІСІ СТУДЕНТТЕРДІҢ САБАҚҚА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН»

- Өзге елдің мәдениеті мен тұрмысына үйрену қаншалықты қиын немесе қызық болды?

- Кореяға алғаш рет келгенде мен көптеген жаңа оқиғаларға тап болатынымды білдім. Бірақ, кейбір сәттердің қаншалықты ерекше есте қалып әрі күлкілі болатынын мүлдем ойламаған едім.

Мендегі ең күлкілі жағдай - корейлердің дәстүрлі сәлемдесу әдісімен танысуым болды. Бірінші рет оқытушыыммен кездестім, ол менің алдымда басын иіп сәлемдесті, мен сол сәтте қатты састым, не істерімді білмей, оған жауап ретінде бірден бүкіл денеммен иіле кеттім. Содан бері қалай сәлемдесу керектігін үйреніп, бұл дәстүр мен үшін әдетке айналды, бірақ бастапқыда әр сәлемдесу кезінде не істеу керектігін түсіну қиын болды. Бұл мен үшін тек күлкілі ғана емес, басқа ортаға үйренісудің алғашқы қадамы, қызықты әрі маңызды сабағына айналды. Мұндай түрлі ситуациялардан өмірлік тәжірибе алып, мен өзіме сенімді бола бастадым.

- Отандық ЖОО-дан ол жақтағы білім мекемелерінің артықшылығы қандай? Оқу бағдарламалары

бірақ мұнда студенттер сабақтың басында-ақ сұрақтар қойып, талқылауға қатысады.

Бұл жерге келгенде, мен тек академиялық білім алу ғана емес, жеке бейімделу үдерісіне де үлкен көңіл бөлуім қажет екенін түсіндім. Ең айқын өзгеріс - өзіме деген сенімділіктің артуы. Корей тілін білуім айтарлықтай жақсарды. Қазір мен негізгі деңгейде еркін сөйлесе аламын. Бұл маған кез келген қиындықпен күресуге болатынына деген сенімділік берді.

«БЕС ТІЛДІ БІЛГЕНІМ МАҒАН ТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТЕРДІ JAҚCЫPAҚ ТҮCІНУГЕ КӨMEKTECEДІ»

- Бірнеше тілде еркін сөйлейсіз. Шетелде оқып жүрсіз. Қандай арман, жоспарларыңыз бар?

- Бес тіл білу - қазақ, орыс, ағылшын, корей және түрік тілдері - маған әртүрлі мәдениеттерді жақсырақ түсінуге және халықаралық ортада икемді болуға көмектеседі. Болашақта мен АҚШ-тағы саяси ғылымдар магистратурасына түсуді жоспарлап отырмын. АҚШ - әлемдік саяси ғылым орталығы және ондағы оқу маған ұлттық әрі халықаралық деңгейде саясаттың күрделі әрі көпқырлы қырларына терең үңілуге мүмкіндік береді. Осы білімді Қазақстанда қолданғым келеді. Болашақта білім беру, денсаулық сақтау және экономиканы жақсартуға өз үлесімді қосқым келеді. Қазақстанның дамуына нақты үлес қосып, оның әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алуына көмектесемін деп сенемін.

- Өзіңіз сияқты шетелде оқуды армандайтын студенттерге не айтасыз? Академиялық ұтқырлық ұтымды ма?

- Басқа студенттерге академиялық ұтқырлық конкурстарына міндетті түрде қатысуға кеңес бергім келеді. Бұл шын мәнінде ерекше, жаңа мүмкіндіктер ашып, білім алу мен жеке тұлға ретінде дамуға үлкен үлес қосады.

Абай университетіне түскенге дейін мен бірнеше грант жеңіп алған болатынымын: Кореядағы Ёнхва университетіне және Канададағы екі университетке.

шынша ойлануға тырысқан болатынымын, сол әдет болып қалыптасып кетті.

Жаңа тілді үйрену, әсіресе алғашқы кезеңдерде қиын болып көрінуі мүмкін. Өзім тіл үйренуден шебер болмасам да, білетін кеңестеріммен бөліскім келіп отыр.

Біріншіден, кез келген тілді шағын әрі қарапайым қадамдарға бөліп үйренуге болатынын ұмытпаңыз. Бірден полиглот болып кету мүмкін емес. Алдымен күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым сөздер мен сөйлемдерден бастаңыз және бірте-бірте сөздік қорыңызды кеңейтіңіз.

Екіншіден, оқудан ләззат алуға тырысыңыз. Тілдің сізге ұнайтын қырларын табыңыз: музыка, фильмдер, мәдениет немесе сол елдің тағамдары болсын. Егер сериал көргенді ұнатсаңыз, оларды үйреніп жатқан тіліңізде субтитрлермен қараңыз, бұл әрі көңілді, әрі пайдалы.

Үшіншіден және ең маңыздысы - қателесуден қорықпаңыз. Қателесу - оқудың бір бөлігі. Тілді үйрену велосипед тебуді үйренумен бірдей: басында жиі құлайсыз, бірақ уақыт өте келе жеңілдейді. Егер сөйлеуден ұялсаңыз, басқалардың сізді түсіністікпен қабылдайтынын есте сақтаңыз.

Соңында, шыдамды болыңыз. Тіл үйрену - бұл марафон, спринт емес. Жылдамдықтан гөрі тәртіп пен тұрақтылық маңыздырақ. Оны күнделікті әдетке айналдырыңыз, сонда өз ойларыңызды еркін жеткізетін күннің келгенін байқамай қаласыз.

-Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан: Мөлдір РӘСІЛ

НАҒЫЗ ҰСТАЗ ЕДІ ...



Тоқсанның төртінге қараған жаста – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің (бұрыңғы ҚазПИ) «Жаратылыстану және география» факультетінің түлегі және бүкіл саналы ғұмырын осындағы география кафедрасында оқытушылық қызмет атқарған елімізге белгілі әдіскер-географ, еңбек және тыл ардагері Карпеков Қабдолла Дүсүбәліұлы, үстіміздегі жылдың 4-ші қараша күні өмірден озды. Ол – 1931 жылдың 9-шы мамырында қазіргі Атырау облысының Махамбет ауданы Топайлы ауылында дүниеге келген. Профессор Қ. Карпеков – республика деңгейінде ұстаздар қауымына кеңінен белгілі географ, ландшафттанушы және әдіскер-ғалым. Қазақстан Географиялық қоғамының құрметті мүшесі, Жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі Қ.Карпеков – біздің оқу орнымызда, 2013 жылы құрметті зейнет демалысына шыққанға дейін профессор лауазымында ұстаздық қызмет атқарды.

1947 жылы педагогикалық училищені ойдағыдай тәмамдаған Қабдолла Дүсүбәліұлы, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының «География» факультетіне оқуға түседі. Оны 1951 жылы бітірген соң, Гурьев педагогикалық институтына жолдамамен жұмысқа жіберіледі. Бұл оқу орнында Қ.Карпеков география пәнінің оқытушысы және марксизм-ленинизм кабинетінің меңгерушісі болып 10 жыл қызмет атқарады. 1961-1964 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-дің физикалық география кафедрасы жанындағы аспирантурасында оқиды. 1964 жылы осы кафедраға аға оқытушы болып қалдырылады, ал 1989 жылдан Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының физикалық география кафедрасының доценті болып қызмет стейді. 1991 жылы осы институттың «География-экология» факультеті деканның орынбасары қызметіне тағайындалады. 1993 жылы Қазақстанда тұңғыш ашылған «Елтану» кафедрасының меңгерушісі болып сайланып, бұл лауазымдағы қызметін 1999 жылға дейін атқарған.

Тәжірибелі ұстаз, жоғары дәрежелі маман, тәжірибелі әдіскер Қабдолла ағай жарты ғасырға жуық уақыт бойы Қазақстанның жоғары оқу

орындарының қара шаңырағы болып саналатын аталмыш университетте – география әдістемесі мен Қазақстанның физикалық географиясы саласында орасан зор ғылыми-педагогикалық жұмыстарды асқан қажырлықпен атқарады. Ол, студенттерге Қазақстан Республикасының физикалық географиясы, ТМД елдерінің физикалық географиясы, ландшафттану, магистранттарға физикалық географияның қазіргі проблемалары және физикалық-географиялық аудандастыру сияқты негізгі және арнайы пәндерден дәріс оқи жүріп, Қазақстанның физикалық географиясының мектепке және жоғары оқу орындарына арналған оқу бағдарламаларын құрастырған. Оның лекциялары мен лабораториялық-практикалық сабақтарының ғылыми-әдістемелік деңгейі өте жоғары, әрі педагогикалық шеберліктің үлгісі болып табылған. Республикамыз мектептерінің ұстаздары оны «Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығының авторы ретінде жақсы біледі, өйткені ол мектеп мұғалімдерімен өзінің көп жылдық тәжірибесін үнемі бөлісіп отырған. Қ.Д.Карпеков кезінде – республика мектептері мен мұғалімдер білімін жетілдіру институттарын

да жиі болып, ұстаздар алдында географияның оқыту әдістемесі мен мектеп географиясын дамыту, физикалық географияның басқа да келелі мәселелері төңірегінде дәріс оқыған.

Қабдолла Дүсүбәліұлы ғылыми-педагогикалық қызметімен қатар, өзі жүйелі түрде оқу-әдістемелік жұмыстарымен айналысқан. Оның қатысуымен жарық көрген 7-8 сыныптарға арналған «Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығы 1985 жылдан бері төрт (қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр) тілде 7 рет басылым көріп және 2016 жылға дейін республиканың барлық мектептерінде пайдаланылып келді. Қ.Д.Карпековтың қатысуымен авторлар тобы дайындаған 8-сыныпқа арналған «Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығы 1992 жылы республикалық конкурстың жеңімпазы атанған. Оның кадемик Ә.С.Бейсеновамен бірге жазған «Қазақстанның физикалық географиясы» бойынша 7-сыныпқа арналған оқулығы, 1999 жылы ҚР Білім беру және ғылым Министрлігінің жаңа буын оқулықтарына жарияланған конкурсынан сәтті өтіп, 2000-2012 жылдар аралығында қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр тілдерінде 17 баспа табақ көлемінде бірнеше рет басылым көрген. Қабдолла ағай жазған оқулықтар мен оқу құралдарының ғылыми мазмұны терең, тілі жатық, нақты, әрі қызығалықты мәліметтерге бай болып келген.

Кезінде Қ.Д.Карпеков – факультет деканының орынбасары, кафедра меңгерушісі болған және қоғамдық ұйымдарда сайланбалы қызметтер атқарған. Факультеттің ғылыми кеңесінің мүшесі және жастардың ақылшы ұстазы бола жүріп, өзінің ғылыми-педагогикалық қызметін қоғамдық жұмыстармен де оңтайлы ұштастыра білген. Ол – Абай атындағы ҚазПИ-дің кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары, кейіннен оқу орнымыздың партия ұйымы хатшысының орынбасары міндеттерін атқарған. 1988-89 жылдары, Қазақ КСР Білім министрлігінің қазақ мектептерін оқу-әдістемелік кешендермен

қамтамасыз ету жөніндегі експерттік кеңестің Президиум мүшесі болған. Ал 1986-91 жылдары осы Министрлік жанындағы «География және табиғат қорғау» бойынша оқу-әдістемелік секция төрағасының орынбасары қызметін атқарған. Сонымен қатар көптеген қоғамдық ұйымдардың, ғылыми-әдістемелік кеңестер мен комиссиялардың белсенді мүшесі бола жүріп, тыл ардагері ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дің ардагерлер кеңесінің жұмысына да белсенді араласқан.

Еліміздің жоғары және орта мектептеріне арналған «Қазақстанның физикалық географиясы» оқып-үйренудің оқу-әдістемелік негіздерін салушы және отандық география саласын ғылыми-зерделеу бағытында дамытуға өзіндік үлесін қосуды әдіскер-ғалымға және осыншама қажырлы еңбегі мен маман кадрларды даярлау ісіндегі өлшеусіз қызметі үшін Қ.Д.Карпеков «Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің озық қызметкері» және «КСРО оқу-ағарту ісінің үздігі» төсбелгілерімен, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Еңбек ардагері» медальдарымен, сондай-ақ салалық министрлік пен кәсіподақтың Орталық комитетінің құрмет грамоталарымен және оқу орнымыздың бірнеше марапаттарымен мадақталған.

Артыңызда өнегелі із қалдырған, иманыңыз саламат болсын Қабдолла ағай! Сіздің сыпайы да сырбаз қалпыңыз бен ұстаздық жарқын бейнеңіз әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің жадында мәңгілікке сақталады. Қош бол ардагер-ұстаз, топырағыңыз торқа, жаныңыз жанатта болсын деп тілейміз! Кезінде білім алып және ұстаздық қызмет атқарған «қарт ҚазПИ-дің» түлегі әрі оның талантты өкілі ретінде абыз ағамыздың орны толмастай қазасына байланысты, «Жаратылыстану және география» факультетінің ұжымы атынан – марқұмның отбасына және туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз:

*«Жаратылыстану және география» факультеті ұжымының атынан –
Факультет деканы, профессор
К.Д. Каймулдинова,
Ардагерлер кеңесінің төрағасы, доцент
Т.О. Увалиев.*

«ҮЗДІК СТУДЕНТТІК ДЕКАНАТ»
АНЫҚТАЛДЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ Әлеуметтік және жастар саясаты жөніндегі департаменті Жастар ісі жөніндегі бөлімнің ұйымдастыруымен «Жаңашыл жастар» студенттік апталығы аясында «Үздік студенттік деканат» сайысы ұйымдастырылып, өткізілді.

Сайысқа Абай университетінің 7 факультеті мен институтының студенттік деканаттары қатысты. Олар 3 кезең бойынша өз бақтарын сынады: «Таныстыру»; «Өз өнерлерін көрсету»; «Сұрақ-жауап». Конкурс нәтижелері: I орын - Математика, физика және информатика факультеті; II орын - Филология факультеті; III орын - Тарих және құқық факультеті.

Ал, номинациялар бойынша: «Жаңашыл Деканат» - Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті, «Үздік шығармашылық ізденіс» - Өнер факультеті, «Креативті Деканат» - Жаратылыстану және география факультеті, «Үздік өнерпаз» - Сорбонна - Қазақстан институты, «Көрермендер көзайымы» - Педагогика және психология факультеті.

Сайыс жоғары деңгейде өтті, барлық қатысушылар өздерінің көшбасшылық қасиеттері мен командалық жұмыстары арқылы керемет нәтиже көрсетті.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ!

САМБОДАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ

12-13 желтоқсан аралығында Семей қаласында ерлер мен әйелдер арасында спорттық және жауынгерлік самбодан Қазақстан Республикасының Кубогы өтті. Жарыс нәтижесінде Абай университеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті Гүлім Елубай 59 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, 1-ші орынға ие болды.



ҚАЗАҚША КҮРЕСТЕН «ЖАС БАРЫС» ТУРНИРИНІҢ ЖҮЛДЕГЕРІ



4-6 желтоқсан күндері Астана қаласында қазақша күрестен «Жас Барыс» Республикалық турнирі өтті. Турнирге «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті Жігер Еркінұлы 78 кг салмақта қатысып, күміс жүлдеге ие болды.

Жаттықтырушысы: қауымдасқан профессор, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Еркін Сайдақов.

Спортшымыз бен жаттықтырушысын лайықты жеңістерімен құттықтаймыз!

ДИЗАЙН ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Принтмедиа технологиялары колледжінде «Кәсіптік-техникалық білім: қазіргі жағдай және уақыттың сын-қатерлері» атты халықаралық форум өтті. Форумға Эстония, Ресей, Беларусь және Қазақстаннан келген жұмыс берушілердің өкілдері, арнайы орта оқу орындарының және жоғары оқу орындарының директорлары мен олардың орынбасарлары, педагогтар, сарапшылар қатысты.

Аталған форум аясында Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер факультетінің «ДИЗАЙН ЖӘНЕ БАСПА ӨНЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ» ашылды.

Форум мен орталықтың ашылуына Абай атындағы ҚазҰПУ Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Хайрулла Жанбеков, Кәсіби бағдар және мансапты дамыту департаментінің директоры Алмас Найманбаев, Өнер факультетінің деканы Кәрім Байқұтов, дизайн кафедрасының меңгерушісі Жазира Стамбекова және профессор-оқытушылар құрамы: Құрман Мұратаев, Жанар Ибраева, Наталья Михайлова қатысты.

Аталған зертхана технологиялық инновациялар үшін платформа ғана емес, сонымен қатар екі оқу орнының студенттері үшін болашақта практикалық тәжірибе жинақтап, көкжиектерін кеңейту мүмкіндігі ретінде қызмет етпек.



МЕНШІК ИЕСІ:
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеуші-дизайнер
Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ
Акерке ЫСҚАҚ
фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның
мекен-жайы: 050010
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі,
30-үй, № 323-бөлме.
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 224
Индекс 65285
Таралымы 1000
• Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдірмейді.
• Редакцияға түскен материал
қайтарылмайды.

«ҮЛАҒАТ» баспасының
баспаханасында басылды

Баспа директоры
Танат ӘЛИАСҚАРОВ

Баспаның мекен-жайы:
050010

Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.